

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 38 (833) 15 қазан, 2021 жыл

facebook.com/tainsha.tany

tayynshatany.wixsite.com/website

tainsha_tan@list.ru

18 қазан - Рухани келісім күні

Қасиетті кітабымыз Құранда бірлік туралы бірнеше жерде баяндалған. Соңғы пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінде де барша адамзаттың ауызбіршілігін уағыздаған. Жаратушы Иеміз «Әли Имран» сүресінде: «...Бөлінбеңдер», деп әмір етсе, Оның Елшісі: «...Көпшілікпен бірге болыңдар! Бөлінуден сақтаныңдар», деп, жамағатты, барша адам баласын мейірімділікке, ортақ мақсатқа үндеген.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын!

Халқымыздың би-шешендері мен ақын-жыраулары да әрқашан өсиетті сөздері мен ғибратты толғауларында, өлең-жырларында өзара келісімді насихаттаған. Майқы бидің: «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді», деген нақыл сөзі қанша ғасыр өтсе де ұпаққа өнеге. Тұңғыш Президенттің игі бастамасымен елімізде қалыптасқан дінаралық татулық, ұлтаралық келісім – ширек ғасырға татитын тәуелсіз еліміздің жеткен басты жетістіктерінің бірі. Рухани келісім, ұлттар мен дәстүрлі діндер арасындағы бірлік – баға жетпес байлығымыз, ал тұрақтылық – тұғырымыз. Бүгінгі берекелі күнге бірліктің арқасында жеттік. Елдің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіші халықтардың өзара татулығы негізінде дами түсетіні түсінікті. Ел басқарған парасатты басшылар қашан да бірлік пен татулыққа аса мән берген. Күнтізбемізге 18 қазанның Рухани келісім күні ретінде енуі – қазақ топырағына бейбітшілік орнатып, тұрақты қоғам құру идеясынан туған үлкен бастама.

Аллаға шүкір, біз әлмисақтан бері мұсылманбыз. VIII ғасырда Орталық Азияға, оның ішінде қазақ топырағына жеткен Ислам сол дәуірден бері халқымыздың жүрер жолы, мемлекетіміздің рухани тірегі болып келеді. Ислам діні – бейбітшілік, амандық деген ұғымдарды білдіреді. Алла тағаланың өзінің соңғы елшісін жіберудегі мақсаты қасиетті Құранның «Әнбия» сүресінің 107-аятында былайша баяндалады: «Біз сені әлемдерге тек рақым етіп қана жібердік». Расында, біз кешегі аумалы заманда қиындыққа төзіп, сынаққа сабыр етіп, азаттықтың ақ таңын атырған халықпыз. Сондықтан да тәуелсіздік, бірлік, бейбітшілік, татулық – ұлтымыз үшін ұлы ұғым, қастерлі сөз. Ата-бабаларымыздың асқақ арманы мен өр рухының, иманға берік мұсылмандығының арқасында келген тәуелсіздік – Алланың бізге берген сыйы нәм нығметі. Жаратушы Раббымызға сансыз шүкірлер айтамыз, егемендігімізбен бірге дініміз де өркендеп, елімізде еңселі мешіттер мен медреселер бой көтерді, әлеуметтік жағдайымыз түзеліп, экономикамыз даму үстінде. Ендеше, халықтың әл-ауқатын бұдан әрі көтеру үшін бізге ең әуелі бірлік ауадай қажет. Өйткені бейбітшілік – біздің бақытымыз бен баға жетпес байлығымыз. Қазіргідей алмағайып заманда өркениеттер арасындағы бейбіт келісімді сақтау – өзекті мәселелердің бірі. Осы тұрғыдан алғанда, діндер арасындағы үнқатысуды дамыту – бүкіл әлемдік жауапкершілік. Тәуелсіз Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев діннің қоғамдағы маңызды рөлін ескеріп, әр үш жыл сайын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізуге ұйытқы болды. «Заман күнде өзгереді, ал дініміз – мәңгілік», деген қанатты сөзді айтқан Елбасы әлемдік дәстүрлі дін көшбасшыларын бір үстел басына жинап, ортақ мақсаттар туралы салиқалы сөз айтуға мүмкіндік туғызды. Ислам діні мемлекетте, қоғамда тыныштық, әділдік болуын көздейді. Адамды соған тәрбиелейді. Олай болса, біз таза діни істерден өзге осындай ұлы мұраттарды да нысана етуіміз керек. Өйткені адам баласы қайырлы да ізгі амалдарымен ғана Жаратушыға жақындайды. Қасиетті Құранда: «Бір-бірлеріңе ізгі істерде, тақуалыққа көмектесіңдер. Күнә жасауға, дұшпандыққа жәрдемші болмаңдар...» делінген. («Маида» сүресі, 2-аят).

Алла тағала халқымыздың бірлігі мен берекесін арттырып, тәуелсіздігімізді баянды етпей! Тілегіміз қабыл, мұратымыз асыл болғай! Әмин!

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Баспасөз қызметі.
egemen.kz

ҚР ПРЕЗИДЕНТІ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ КЕМЕЛҰЛЫ ТОҚАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫ БОЙЫНША «ЖЫЛ ВОЛОНТЕРІ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЫЙЛЫҒЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



«Жыл волонтері» халықаралық сыйлығы үшін конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланды. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Жыл волонтері» халықаралық сыйлығын тағайындауға арналған конкурс өткізеді. Халықаралық сыйлық әлеуметтік және қоғамдық пайдалы міндеттерді шешуге үлес қосқан волонтерлер мен волонтерлер тобын, отандық және халықаралық волонтерлік ұйымдарды көтермелеуге бағытталған осы байқауға үміткерлер әлемнің түкпір-түкпірінен қатыса алады. Ол үшін qazvolunteer.kz интернет-платформасында өтінім беріп, волонтерлік қызметі туралы деректерді толтыру қажет. Өтінімдерді қабылдау 2021 жылғы 1 қазан сағат 09.00-ден басталады және 2021 жылғы 20 қазан сағат 18.30-ге дейін жалғасады. Байқау екі кезеңде өтеді:

Бірінші - qazvolunteer.kz интернет-платформасында ашық онлайн-дауыс беру, екінші - ең көп дауыс жинаған және екінші кезеңге өткен қатысушыларды Конкурслық комиссия бағалайды. Нәтижесінде келесі номинациялардың әрқайсысы бойынша үш үміткер жеңімпаз болып танылады:

- «Үздік волонтерлік ұйым»
- «Корпоративтік волонтерлік көшбасшысы»
- «Коронавирустық инфекциямен күреске қатысқаны үшін»

- «Тұрақты даму мақсаттарының көшбасшылары»
 - «Үздік әлеуметтік көмекші»
 - «Төтенше жағдайларды жоюға белсенді қатысқаны үшін»
 - «Хабар-ошарсыз кеткен адамдарды іздеуге белсенді қатысқаны үшін»
 - «Құқық бұзушылық құрбандарына көмек көрсетуге белсенді қатысқаны үшін»
 - «Денсаулық сақтауды дамытуға белсенді қатысқаны үшін»
 - «Салауатты өмір салтын насихаттауға белсенді қатысқаны үшін»
 - «Білімді дәріптеуге қосқан үлесі үшін»
 - «Қоршаған ортаны сақтауға және қорғауға қосқан үлесі үшін»
 - «Бейбітшілікті, достық пен келісімді нығайтуға қосқан үлесі үшін»
 - «Тарихи-мәдени мұраны сақтауға және дамытуға қосқан үлесі үшін»
 - «Зоологиялық қорғау мәселелерін шешуге қосқан үлесі үшін»
 - «Әлеуметтік міндеттерді шешуге қосқан үлесі үшін».
- «Жыл волонтері» халықаралық сыйлығын беру қағидалары ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің интернет-ресурстарында орналастырылған.

Конкурстың толық шарттарымен келесі сілтеме бойынша танысуға болады:

<https://www.gov.kz/memleket/entities/qogam/document/s/details/77386?lang=kk>

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

ҚАЛАНЫ АБАТТАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖАЛҒАСУДА



Жаз келісімен Тайынша қаласы мен аудан көлеміндегі елді-мекендерді көркейту жұмыстары басталды. Жауын-шашынды күндерді есепке алмағанда қалада құрылыс, жөндеу және жаңа балалар алаңқайларын орнату жұмыстары қарқынды түрде жүргізілді. Бүгінгі таңда балаларға арналған алаңқайлар жабдықталып, кішкентай тұрғындардың игілігіне берілді.

Ауа-райының қолайсыздығынан жұмыс барысы созылып кеткені, шындық. Соған қарамастан жоспарланған біршама жұмыс іске асырылды. Бұл жерде орталық аллея, серуендеуге қолайлы орын және қаламыздың бәрінде болмаса да, үйлердің бойымен

орналасқан жаяу жүргіншілерге арналған жол, сондай-ақ осы жердегі түрлі мекемелерге көлікпен келуге болатын орын жасалды.

Кішкентай қала тұрғындары өз уақыттарын тиімді әрі көңілді өткізуі үшін де барлық жағдай жасалып жатыр және әлі де болса жоспарға сәйкес жалғасады. Барлық жұмыстар, көгалдандыру, көшелердің жарықтандыру жүйесін жаңарту және жолдарды жөндеу белгіленген кестеге сай жүргізілуде. Қала орталығында күнделікті кешкілік дем алатын орынның пайда болғанына көпшілік ризашылық білдіреді.

«Тайынша таңы» газетінің өз ақпараты.

ЖАСТАР МЕГАПОЛИСТЕРДІ ТАҢДАЙДЫ

Солтүстік Қазақстан облысында жастар саны жылдан-жылға азайып барады. Мектеп бітірген түлектердің көбі еліміздің өзге өңірлерінің немесе көршілес Ресейдің оқу орындарын таңдайды. Қолына диплом алып, басқа жақта жұмыс істегенді қалайды. Неліктен? Биыл оқуын бітірген Кирилл жоғары білім алу үшін ойланбастан Мәскеуге бірақ тартты. Өзінің анасы Петропавл қаласындағы М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде оқытушы болып жұмыс істейтініне қарамастан, жас түлектің таңдауы ресейлік оқу орнына түсті. Анасының айтуынша, екі білім ордасындағы оқу ақысының айырмашылығы жоқ, тіпті Мәскеудікі арзанырақ екен. Биыл Солтүстік Қазақстан университеті оқу ақысын қымбаттатқаны белгілі. Сөйтіп, осы оқу жылында төлемақы көлемі мамандыққа қарай 445 мыңнан 700 мың теңгеге дейінгі аралықта. Оқу ақысының қымбаттығы өз алдына, университетте студенттерге бәлендей жағдай жасалмағаны да жастардың қыр асуына себеп. Мәселен, қазір бұл оқу орнында 7 500 студент білім алып жүрсе, жатақханаларындағы орын саны 1 114 ғана. Бұл – түлектердің осы оқу орнына аса қызықпайтынының бір ғана себебі. «Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» Жастар қанатының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы төрағасы Біржан Құдайбергеновтің айтуынша, жастарға жағдай жасалмаған. «Өңірімізде бір ғана университет болғандықтан, бәсекелестік те, балама да жоқ. Ондағылар: «Міне, біздегі жағдай осындай, оқысаң оқы, оқымасаң қой» дегендей сыңай танытады. Сондықтан жастардың көбі мегаполистерді таңдайды. Екіншіден, өңірдің ұлттық қорамының ерекшеліктеріне орай өзге ұлт өкілдері Ресейге кеткенді жөн көреді. Дегенмен олардың арасында өзіміздің қарақөз жастарымыз да бар екенін айта кету керек. Өйткені Ресейдің оқу орындары түлектерді онлайн қабылдайды. Әрі ол жақта грант бойынша оқитын балалар тегін жатақханамен қамтамасыз етіледі», – дейді Біржан Құдайбергенов.

СТАТИСТИКА СӨЙЛЕГЕНДЕ... Облыстық Статистика департаментінің мәліметінше, осы жылдың бірінші жартыжылдығында өңірден 4 200-ден астам жас көшіп кеткен. 2017 жылы облыста 107 500-дей жас болса, қазір олардың саны – 98 910 ғана. Бұл – халық санының 18 пайызы. Былтыр «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» бағдарламасы бойынша оқуын тәмамдаған 200-ден астам студенттің 77-сі ғана Солтүстік Қазақстан облысында жұмыс істеуге қалыпты. Жастар ресурстық орталығының директоры Әлфараби Мыңбайдың айтуынша, осыдан екі жыл бұрын Петропавлда 42 мыңдай жас бар болса, биыл 38 мыңнан сәл ғана асады. «Оның барлығы осында жүр ме, жоқ па – ешкім де нақты айта алмайды»

ПЕТРОПАВЛДА БАСПАНА ҚЫМБАТ. Жалпы, Петропавлда баспана бағасы шарықтап тұр. Пәтер бағасы бойынша Петропавл Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларынан соң үшінші орында. Оқуын жаңа бітіріп, 70 мың теңге жалақыға жұмысқа орналасқан жастар пәтер сатып ала алмайды. Жалдап тұруға да қалталары көтермейді. «Жас маманның бастапқы жарна жинап, пәтер сатып алуға мүмкіндігі жоқ. Бір бөлмелі пәтерді жалдау ақысы – кем дегенде 80 мың теңге. Екі жерде жұмыс істеп, 100 мың теңге жалақы алса да, азық-түлікке, басқа да керек-жарағына ақша жетпейді. Сондықтан жастар басқа жаққа кетеді. Кетіп жатқандардың көбі – қолында дипломы бар және отбасын құрған замандастарымыз. Бала-шағасын асырау керек. Көршілес Ресейде жастар кемінде 50 000 рубль жалақы алады. Оны біздің ақшаға шаққанда 300 000 теңгедей. Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларында жұмыс істейтін жастар шамамен 200 000 теңгедей жалақы алады. Оған қоса кешкісін курьерлікпен не болмаса басқа да шаруамен айналысады. Тіпті, өз кәсібін ашуға да мүмкіндік көбірек. Петропавлда мүмкіндік шектеулі», – дейді Әлфараби Мыңбай. Сондықтан жастардың солтүстіктен басқа жаққа ағылуын тоқтату үшін, ең алдымен, баспана мәселесін шешу керек. Ол үшін «Отбасы банк» филиалы оларға бастапқы жарнасыз пәтер сатып алуға мүмкіндік беретін «Қызылжар жастары» бағдарламасын іске қоспақшы. «Отбасы банк» облыстық филиалы директорының орынбасары Райхан Әбдірахманованың айтуынша, бұл бағдарламаны жүзеге асыру үшін банк филиалы Үкіметтен 1 млрд теңге көлемінде субсидия сұрап отырған көрінеді. «Nur Otan» партиясы жанындағы «Jas Otan» Жастар қанатының Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы бүгінде тым болмаса 100-200 млн теңге субсидиямен жобаны жүзеге асыруға кірісе беруді ұсынып отыр.

ЕҢБЕКАҚЫ АЗ. Біржан Құдайбергенов те, Әлфараби Мыңбай да Қызылжар өңірінде жастарды ұстап қалу үшін олардың еңбекақысын көбейту керек деп есептейді. Біржан Бақытжанұлының айтуынша, Солтүстік Қазақстан облысында жастарға және жалпы жұмысшыларына жағдай жасап отырған кәсіпорындар саусақпен санарлық, тіпті бірлі-жарым. «Жуырда ашылған электротехникалық зауыт өз жұмысшыларын баспанамен және ыстық тамақпен қамтамасыз етеді. Осы зауытта 5 жыл жұмыс істеген адам кейін пәтерін өзіндік құнына өсімақысыз, пайызсыз сатып алуға құқылы. Ол үшін ай сайын еңбекақысының бір бөлігі ұсталады. Қарапайым жұмысшының, тіпті жаңа келген жастардың да жалақысы 200-250 мың теңге көлемінде. Меніңше, осындай кәсіпорындардың тәжірибесін насихаттап, басшыларын ынталандыру қажет», – дейді Біржан Құдайбергенов.

Роза ШӘКЕН, журналист.

«ПАРАСАТТЫ ОТБАСЫ» БАЙҚАУЫНЫҢ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ



«Парасатты отбасы» бейнероликтер онлайн байқауының өткізілуіне Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыстық департаменті мен Білім басқармасы мұрындық болды. Өңірдің барлық аудандарынан барлығы 48 отбасы қатысты. Қатысушылар парасаттылық, адалдық қағидаттарына негізделген отбасылық құндылықтарды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тану деңгейін көрсететін бейнероликтер ұсынды.

Нәтижесінде өзінің шығармашылық жұмысы үшін жоғары бағаны Шал ақын ауданының Даниловтар отбасы алды. Екінші орынды қала тұрғындары – көп балалы Ибраевтар отбасы және үшінші орынды Тимирязев ауданының тұрғындары – Лобановтар отбасы иеленді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер грамоталар және сыйлықтармен

марапатталды. Сондай-ақ, жоғарыда аталған отбасы мүшелерінің балалары «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығына жолдама алды.

«Біздің мақсатымыз – отбасылық қатынастарды нығайту және оның құндылықтарын насихаттау арқылы бала кезінен сыбайлас жемқорлыққа төзбейтін, парасатты тұлғаны қалыптастыру. Сондай-ақ, мұндай іс-шараларды өткізу отансүйгіштік сезімді дамытуға жақсы әсер етеді, өйткені Отанға деген сүйіспеншілік отбасынан басталады», – деді Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Нұрлан Жахин.

СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі.

* * * * *

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

Азаматтардан әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының кері байланыс арналарына түсетін өтініштердің едәуір бөлігі консультативтік-диагностикалық қызметтерді алуға қатысты болып келеді. Емханаға тексеруге жазылуға қанша уақыт күту керек, олар үшін ақша төлеу қажет пе, емханада қажетті маман болмаса, қызметті қалай алуға болады, қандай да бір талдаулар сақтандыруға кіре ме. Қор сарапшылары консультативтік-диагностикалық қызмет көрсету тәртібі туралы топ сұрақтарға түсініктеме дайындады.

1. Егер өз емханасында / аймағында қажетті дәрігер болмаса, осыған байланысты пациент өзіне қажетті қызметті ала алмаған жағдайда не істеу керек?

Медициналық ұйым Қормен қандай да бір медициналық қызметтер көрсетуге шарт жасасқан кезде оларды толық көлемде ұсынуға міндеттеме алады. Егер өнім берушінің медициналық қызметтерді өз бетінше көрсетуге мүмкіндігі болмаса, онда ол бірлесіп орындаушы тартуға міндетті. Бұл тұрғыда, бірлесіп орындаушы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының өнім берушілері базасында тұруы тиіс. Осылайша, егер пациент бекітілген медициналық ұйымда бейінді маман, қажетті жабдық болмаған жағдайда, онда пациент бірлесіп орындау шарты бойынша басқа медициналық ұйымға жіберілуі тиіс. Егер бірлесіп орындау шарты болмаса, онда бірден Қорға жүгіну қажет. Қордың тарапынан қажетті шаралар қабылданатын болады.

2. Біздің емханада бейінді мамандарға жазба бір ай бойына үнемі толық болады. Пациент ҚДҚ алу мүмкіндігін қанша күтеді? ҚДҚ бойынша Қордың өнім берушілері болып табылатын медициналық ұйымдарда медициналық көмек көрсету сапасына мониторинг жүргізіледі. Осыдан кейін ғана Қор көрсетілген медициналық қызметтер үшін ақы төлейді.

Шарт талаптарын мониторингілеу ережесінде ақау қарастырылған, яғни ҚДҚ күтудің ұзақтығы 10 күннен асады. Осының негізінде пациент консультациялық немесе диагностикалық қызмет алуды 10 күннен артық күтпеуі тиіс. Емхана өз пациенттерін уақтылы консультациялармен және тексерулермен қамтамасыз ету мүмкіндігі болмаған жағдайда, ол халыққа уақтылы қызмет көрсету мақсатында бірлесіп орындаушыларды тартуы тиіс.

Осы тұрғыда пациентті жоспарлы тексеру кезінде 10 күнге дейін күту мерзімі қарастырылғанын атап өту қажет. Жіті және кезек күттірмейтін жағдайларда пациентке медициналық көмек дереу көрсетіледі.

3. Адамдар жеке клиникаларға баруға мәжбүр болады, ал онда барлық қызметтерді ақылы түрде алу қажет, МӘМС жүйесі осыған байланысты әдейі құрылған деген рас па?

Керісінше, МӘМС жүйесін енгізу кезіндегі мақсаттардың бірі медициналық ұйымдар арасында бәсекеге қабілеттілікті арттыру болып табылады. ТМҚК және МӘМС шеңберінде медициналық қызметтердің әлеуетті өнім берушілеріне қойылатын талаптар, оның ішінде тарифтер бірдей және өнім берушінің меншік нысанына қатысы жоқ. Яғни, халыққа медициналық қызмет көрсетуге өнім берушілердің ең көп саны қатысады.

МӘМС-те сақтандырылған азаматтар өздері таңдаған емханада медициналық қызмет ала алады, соның ішінде жеке клиникада да. Қажет болған жағдайда, емхананың жеке клиникамен бірлесіп орындау шартын жасау мүмкіндігі болса, пациент өз емханасынан аталған жеке клиниканың қажетті дәрігеріне кеңес алуға жолдама сұрай алады. Айта кетейік, 2021 жылы ТМҚК қаражаты есебінен амбулаториялық деңгейде консультациялық-диагностикалық көмек көрсетуге 31,2 млрд теңгеден астам қаражат жоспарланған. Оның ішінде жарты жыл ішінде медициналық ұйымдарға осы қызметтерді халыққа көрсеткені үшін 12,6 млрд теңгеден астам қаржы төленді. МӘМС қаражаты есебінен ҚДҚ-ны амбулаториялық деңгейде көрсетуге биыл 155,7 млрд теңгеден астам сомаға шарттар жасалыны. Оның ішінде алғашқы жарты жылда 79,6 млрд теңгеден астам сомаға қызмет көрсетілді.

4. Балаға стоматологиялық көмек алу үшін жеке стоматологияға жүгінуге бола ма?

Стоматологиялық көмектің өнім берушілері оларға қойылатын талаптарға сәйкес келетін мемлекеттік және жеке медициналық ұйымдар бола алады. Бұл ретте пациент өзіне лайықты стоматологиялық клиникалар таңдауға құқылы. Сіз оны Қордың ресми (fms.kz) интернет-ресурсында орналасқан тізімнен таңдай аласыз: «Медициналық қызметтерді сатып алу» блогы, «ҚДҚ қызметтеріне өнім берушілер» бөлімі.

Айта кету керек, қазір елімізде стоматологиялық қызметтердің 600 – ден астам өнім берушісі жұмыс істейді, олардың жартысына жуығы-жеке клиникалар. 7 айда 5,5 миллионға жуық стоматологиялық қызмет көрсетілді, оның ішінде 4,8 миллионға жуық қызмет 0 – ден 17 жасқа дейінгі балаларға көрсетілді.

Естеріңізге сала кетейік, жоспарлы стоматологиялық көмекті 18 жасқа дейінгі балалар мен жүкті әйелдер ғана ала алады.

Шұғыл стоматологиялық көмек келесі азаматтарға көрсетілуі мүмкін:

- 18 жасқа дейінгі балалар;
- жүкті әйелдер;
- Ұлы Отан соғысына қатысушылар;
- I, II, III, IV топтағы мүгедектер;
- алтын, күміс алқалармен марапатталған көп балалы аналар;
- атаулы әлеуметтік көмек алушылар;
- жасы бойынша зейнеткерлер;
- инфекциялық және әлеуметтік мәні бар аурулармен ауыратын науқастар;
- мүгедек балаға және бала кезінен I - топтағы мүгедектерге күтім жасайтын, жұмыс істемейтін адамдар.

5. Мені МӘМС бойынша талдауларды тегін тапсыру мүмкіндігі қызықтырады. Д витаминіне талдау жасау сақтандыру пакетіне кіре ме? Мен оны әдетте ақылы түрде, жеке зертханада тапсырамын.

Д витамині, көптеген басқа зертханалық талдаулар сияқты, МӘМС пакетінде қарастырылған. Бұл талдау барлық адамға бірдей көрсетілмейді, тиісті көрсеткіштер болған кезде, сонымен қатар емдеуші дәрігердің жолдамасы бойынша жүргізіледі.

Яғни, учаскелік дәрігердің қабылдауына келу қажет, ол зертханалық талдау жүргізу қажеттілігін бағалайды және МӘМС шеңберінде жолдама береді не бейінді маманның қарауына жібереді.

6. Медициналық ұйым ақылы тексеруден өтуді ұсынады, бірақ мен сақтандырылған тұлға ретінде оны МӘМС бойынша өтуді қалаймын. Осыған байланысты Қордың ұстанымы қандай?

Ақылы медициналық қызметтерді медициналық ұйымдар шарттық негізде және азаматтардың өздерінің бастамасы бойынша, оның ішінде мамандардың жолдамасынсыз көрсете алады. Бірақ ТМҚК және МӘМС бойынша қызмет көрсететін медициналық ұйымдарға көрсетілімдер бойынша пациентке тиесілі және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне кіретін медициналық көмекті ақылы негізде ұсынуға тыйым салынады. Бұндай құқық бұзушылық орын алған жағдайда, Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 424 бабымен әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Пациенттер тарапынан түскен ақылы қызметтерге жіберу туралы әрбір өтініш бойынша Қор сарапшылары медициналық ұйымға жоспардан тыс мониторинг жүргізеді. Егер факт расталса, онда мониторинг нәтижелері бойынша осы медициналық ұйымға айыппұл санкциялары қолданылады. Қор емделушінің құқығын қорғайды және халыққа ақылы негізде медициналық қызметтерді заңсыз көрсету мәселесіне қырағылық танытады.

Медициналық көмек алуға байланысты сұрақтар туындаған жағдайда өз емхананың Пациентті қолдау қызметіне жүгінуіңіз қажет. Егер жағдайды сол жерде шешу мүмкін болмаса, Қорға ресми кері байланыс арналары: 1406 байланыс орталығы, «Qoldau 24/7» мобильді қосымшасы, Қордың www.fms.kz сайты, Telegram-дағы Saqtandyru-bot арқылы өтініш беруге болады.

"ӘМСҚ" КЕАҚ СҚО бойынша филиалының баспасөз қызметі.

АДАЛ ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

Қазақ халқында кісілігі мол, ұлттық тәрбиеден тамыры ажырамаған парасат иелерін, ардақты әкелерді ерекше қастерлеп, қадір тұтқан. Ондай абыройлы әкелер деп біз қасиетті қара шаңырақтың киесі, құт-берекесін кетірмей, ардақты әке, ақылшы ата болғанға дейін өмірдің қандай да қатал сынағымен күресе жүріп жеңіске жеткен жандарды айтамыз. Бүгінгі таңда өмірлері кейінгі ұрпағының бір бөлшегі деуге болатын ел ағалары бар. Өздері өмірден өтсе де, артында өлмес ізі, еңбек жолдары мен атқарған адал ісі қалды. Сондай тәлім-тәрбиесі зор, рухани өте бай өмір жолы бар ағаларымыздың бірі, тайыншалықтарға есімі таныс, елі үшін ерен еңбектің үлгісін көрсете білген - Ешкеев Самеке десем, көпшілік мені қолдайды деп ойлаймын.



Осы әулетке келін болып түскен күннен, атамыздың еңбегін құрметтеп, оның бойында бар қасиеттері мен халық алдындағы абыройын асқақтатып, атамыздың абыройын одан сайын көтеруге тырыстық, біз де адал еңбек атқаруға, үлгілі отбасы болуға тырыстық. Тәртіп пен тәрбиені, шыншылдықты, қажет болса қайратты да қажырлы, еңбек десе ерінбейтін, сыйластық пен бауырмал болуды атамыздан үйрендік. Ешкеев Самеке (1906-1982 ж.ж.) Ақмола губерниясы Петропавл уезі Жамантүз болыстығына қарасты Қарағаш ауылында (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы) дүниеге келген. Ауыл мектебінде оқып сауатын ашады. Білімге талпынып, көп ізденіп, көп оқиды. Ауылда комсомол ұйымын басқарып, жастарды оқу-білімге, сауатсыздықпен күреске шақырады. Ол ауылдық кеңестің хатшысы, кейін төрағасы болып сайланып, ауылдың тұрмысы мен мәдениетін өркендетуге күш салады. 1928-1929 жылдары ауылдық Советтің төрағасы С.Ешкеевтің қажыр-қайратының нәтижесінде тұңғыш рет Қарағаш ауылында мектеп салу қолға алынады. Ауыл жастары мектепке арналған қарағай бөренелерді өгізбен Бурабай, Зеренді ормандарынан жеткізген. Сөйтіп, жаңа жетіжылдық қарағай мектеппен қатар ауылда қарағай үйлер де пайда бола бастайды. Мұны көрген өлке басшылары ауылды Қарағаш демей, Казгородок десе дұрыс болады деседі. Самеке Ешкеев 1930 жылы «Қызылскер» аудандық колхоз одағының төрағасы қызметіне жоғарылатылады.

«Қызылскер» ауданындағы жаңа құрылып отырған Октябрь МТС-і директорының орынбасары, партактив және МТС директорларын дайындайтын Семейдегі курсты бітіріп келгеннен кейін Төңкеріс ауданындағы Бейнетқор МТС-інің директоры, 1939 жылы Чкалов ауданында Киров МТС-інің құрып басқарады, аудан колхоздары экономикасының

ілгері дамуына еңбегімен, өзінің ұйымдастырушылық шеберлігімен көзге түсіп, халықтың, елдің құрмет-көшеметіне бөленеді, МТС-қа қарайтын колхоздардың егін және мал шаруашылығы өнімдерін мол да саналы өндіруге, колхоздардың әл-ауқатының, әлеуметтік-мәдени жағдайларының жақсаруына сүбелі үлес қосты. Ұлы Отан соғысы кезінде күйзелген елдің тілін тауып, жеңіс үшін аянбай еңбек етуге шақырып отырды. Қарамағындағы халыққа қамқорлығы да мол болды.

1960 жылы МТС таратылды, соның негізінде Чкалов кеңшары құрылды. Жаңа шаруашылықты басқаруға Самеке Ешкеев тағайындалды. Егін және мал өнімдерін өндіретін облыстағы, Республикадағы ірі шаруашылыққа айналды. Самеке Ешкеевтің және ол басқарып жүрген ауыл шаруашылығы мамандарының озық тәжірибелері СОКП Орталық комитетінің «Сельская Жизнь» және «Социалистік Қазақстан» газеттерінде жарияланып тұрды.

Солтүстік Қазақстан және Көкшетау облыстарының ауыл шаруашылығын ұйымдастырып, басқарудағы, егін және мал өнімдерін өндірудегі орасан зор еңбегін бағалаған үкімет Самеке Ешкеевті 1945 жылы «1941-1945 ж.ж. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қажырлы еңбегі үшін» медалімен, 1950 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Құрмет Грамотасымен, 1956 жылы «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін» медалімен, 1957 жылы Ленин орденімен, ВДНХ-ның алтын медалімен, 1958 жылы ВДНХ-ның күміс медалімен, 1961 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Құрмет грамотасымен, 1964 жылы «Тыңның 10-орағы» белгісімен, 1966 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 1970 жылы «В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толу құрметіндегі қажырлы еңбегі үшін» мерекелік медалімен және «Қазақ ССР-інің 50 жылдығы» медалімен марапатталды.

Самеке Ешкеев бірнеше мәрте парткомның бюро мүшесі, аудандық, облыстық Кеңестердің депутаты болып сайланды.

Ең бастысы әкеміздің, атамыздың ел алдындағы абыройы ерен болды. «Ағасы бардың жағасы бар», - деген халық даналығы текке айтылмаса керек, өмірінің тірегі болып саналатын ағасы бар жандар, шынымен де бақытты. Сондай асыл ел ағасының, ардақты әкенің тәрбиесін көрген адамның бірі – менің жолдасым, балаларымның әкесі – Еркін Самекеұлы еді. Әкеден көрген өнегесімен ол да еліне елеулі еңбек етті. Міне, сол бір бақытты күндердің бәрі артта



қалды. Осының бәрі - кейінгі ұрпақ айта жүрер естелік, шежіредей жалғасар өмірдің бір белесі деп білемін. Бүгінгі таңда әулетімізде үлкен қуаныш. Ел мен бірге біз де қуанып, осы бір күнге жетуге атсалысқан жерлестерімізге, қолдау көрсеткен жергілікті әкімшілікке алғысымыз шексіз! Атамыздың есімімен көше аталатын болды. Кезінде елінің ардақты ұлы болса, енді ел азаматтары атамыздың есімін сан мың рет айтып жүретін болды. Бұл – үкен қуаныш, елге де, біздің әулетімізге де абырой деп білемін. Еліміз аман, жұртымыз тыныштықта өмір сүрсін. Тәуелсіз еліміздің абыройы асқақтай берсін!

Шолпан ЕШКЕЕВА, Астана қаласы.

ЕШКЕЕВ САМЕКЕ ЖАЙЛЫ ОЙ – ПІКІРЛЕР

*** Оо, құтты болсын! Қуанышқа ортақпыз! Елге нағыз еңбек сіңірген осы атамыз емес пе! Үлкендер, білетіндер әлі де ұмытпай айтады... Ағамыздың еңбегі жанып, көше атауын бергенге қуаныштымыз...

*** Өте қуаныштымын, алтын кездік қап түбінде жатпайды. Мың жылда бір туатын адамдар біздің тұқымнан екенін білгенде, жүрегің шаттық пен қуанышқа толып, сол адамдардың жүріп өткен қиын да, бақытқа толы өміріне қайран қаласың?

*** Замечательная новость о присвоении улице в селе Петровка Северо-Казахстанской области имени Самеке Ешкеева вызвала огромную радость. Самеке Ешкеев - великий

труженик, человек, стоявший у истоков становления села, основанного в далеком 1936 году. Трудовой подвиг Самеке Ешкеева был отмечен орденом Ленина - высшей наградой СССР! Спасибо сельчанам, что помнят и чтят имена своих выдающихся земляков - представителей поколения

Героев и Созидателей! Поздравляю Гульмиру Еркеновну Ешкееву - внучку нашего Героя с этим знаменательным событием! Много лет зная Гульмиру Еркеновну, могу с полной уверенностью сказать: огромная работоспособность, великодушие, настойчивость в достижении цели точно передаются генетически!

Гульмира Еркеновна, Вы достойны своего Деда!

ӨЗ ЕЛІМЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІН!

Радченко Владислав Витальевич 2001 жылы 17 қарашада Тайынша ауданының Обуховка ауылында дүниеге келген. 2019 жылы Драгомир орта мектебінің 11 сыныбын аяқтаған. Ол мектеп қабарығасында жүргенде-ақ өзінің болашақтағы өмір жолын әскери өмірмен байланыстырсам деген ниеті болғанын, сол арманы мамандық таңдарда әскери қызмет саласына бет



бұрғанын айтады. Радченко Владислав Витальевич өзінің таңдаған жолынан барлық кедергілерді жеңе отырып, әкешесінің қолдауымен жергілікті басқару органдарындағы басшылықтың, мамандардың және мектебіндегі алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Алексей Васильевич Мазуркевичтің қажырлы еңбектерінің арқасында Қазақстан Республикасының Қорғаныс Министрлігіне бағынатын (бұрынғы Кадет Корпусына), қазір бұл әскери оқу орны Әскери колледж болып аталады. Мектепті бітіру кезінде аудандық, облыстық медициналық тексерулерден өтіп, құжаттарын осы оқу орнына тапсырған болатын. Әскери колледжге түсу талаптарын толық орындап, 2009 жылы атамашы әскери орта оқу орнына оқуға түседі. Әскери оқу орнында оқу үздігі болып, оқуын қызыл дипломмен бітірді. Әскери колледждегі оқу мерзімі бір жыл

тоғыз ай. Оқуға түсе салысымен Қарулы Күштерге қызмет етуге он жылға келісімшартқа отыратындықтан, әрі қарай әскери қызметін Отарда жалғастырып, еңбек етуде. Оларға мемлекеттен үй алу, тұрақты жоғарғы жалақы, тегін емделу сияқты тегін қызмет өкімет тарапынан жасалып жатыр.

Келесі әскери қызметшіміз Құмырлан Жолболсын да Тайынша ауданының Қорғаныс істері жөніндегі

бөлімінен Кадет Корпусына Радченко Владислав Витальевичпен бірге оқуға түскен болатын. Өткен көктемде екеуі де Щучинск қаласындағы Әскери колледждің қабырғасан түлеп ұшып, Құмырлан Жолболсын Қарағанды қаласының бір әскери бөлімінде келісімшартпен жұмысқа тұрып, қызметін жалғастыруда. Әскери оқуды таңдайтын жастарға айтар кеңесіміз: Отан сүйгіштік, өжеттік қасиеттері сіздермен әркезде бірге болуы шарт. Абай атамашы айтқандай, ақыл, қайрат, күш-жігермен қатар, әке-шешенің, жақын туыстарыңның қолдауы, осы салаға жауапты мамандардың шеберлігі қажет. Жан-жақты жұмыс жасалса, ісіміз же жемісті болатындығын ұмытпайық.

Арғынбек АҚТАЙЛАҚҰЛЫ,
Тайынша ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің инспекторы.

ҚҰТТЫҚ ТАЙМЫЗ!

«Аламан бәйге» – ұлттық спорттың ішіндегі ең маңыздысы. Жылқы болған жерде бәйге де бар. Қазақтың дүлдүл ақыны Лияс Жансүгіров айтқандай, «Жанына халқымыздың жылқы жаққан...» немесе ескіден жеткен есті сөз- «Ер қанаты – ат» сияқты халық даналығында бағзы заманның сыр-сарыны жатыр.

Міне, осындай салт-дәстүрді жалғастырып, тайыншалықтар жылда осы ұлттық спорт ойынына қатысады. Қазанның 8-9 аралығында Қызылжар ауданы Бескөл елді мекенінде өткен «Аламан бәйгеде» тайыншалық «Дора» бірінші болды, ал «Құнан бәйгеде» бірінші болып «Айвенго» келді. Осы ойынға аттарын дайындап, жүлделі орындарға ие болған жерлестерімізді құттықтаймыз!

Әрқашан жеңіс тұғырында болыңыздар!

«Тайынша таңы» газетінің өз ақпараты.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Тайынша аудандық сотының төрағасы, қымбатты әріптесіміз, отбасында ардақты әке, асыл жар

ПАРМАНОВ АСХАР САҒЫНДЫҚҰЛЫ қазан айының 18 жұлдызында 40 жасқа толады. Ұжымымыздың басшысын адам өмірінің айтулы белесі – 40 жасқа толу мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Біздің ұжымда еңбек еткен аз уақыт ішінде сізді өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, қамқор қолын ұсынып жүретін білімді азамат деп білеміз. Өзіңіз еңбегіңізді арнаған саланы дамытуға сіңірген белсенді қызметіңіз, озық ойлайтын кемел қабілетіңіз әрқашан да өзіңізге абырой әперсін. Еңбекке деген адалдығыңыз - өзіңіз, отбасыңыз үшін ғана емес, әріптестеріңіз, өзіңізбен қатарлас жүрген тілектес дос-жаран үшін де зор мақтаныш, абырой, жас ұрпақ үшін нағыз өмір мектебі болсын! Құрметті Асхар Сағындықұлы! Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға баянды бақыт тілейміз! Абыройыңыз асқақтай берсін! Туған күніңізбен!

Ақ тілекпен: Тайынша аудандық сотының ұжымы.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Ана – әлемнің шамшырағы, бесіктің иесі, өмірдің керегесі. Анаға қанша тілек, қанша мақтау мен алғыс айтсақ та, аз емес. «Жақсы сөз – жарым ырыс» демекші, анаға жылы да жұмсақ сөз айтуды, алғыс білдіру мен мейірім танытуды ешқашан ұмытпайық. Ананың аялы алақаны мен жылы жүрегіне, шексіз мейірімі мен кіршіксіз таза көңіліне тең келер ештеңе жоқ. Сондықтан да біздің ауялы аналарымыз бен ардақты келіндеріміз аман болсын.



Агроном ауылының тұрғыны, отбасында аяулы ана, Габдулиндер әулетінің келіні, жеңгеміз - ҮМІТ ГАБДУЛИНА қазанның 11 жұлдызында 50 жасқа толды. Туған күнімен құттықтап, келінімізге айтарымыз: өміріңіз көзге көркемдік сыйлайтын сәулетті, ал әулетіңіз дәулетті болғай. Жағдайыңыз қуатты, ғұмырыңыз шуақты болғай. Амантай екеуің ұрпақтарыңыздың қызығы мен қуанышын көруге жазсын. Қажымайтын қажырлы күш-қуат, сонымен қатар, әрине, бірінші байлық – денсаулық тілейміз.

Ақ тілекпен: Габдулиндер әулеті және Сабыр Мағауиннің отбасы.

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ЖАМАН ӘДЕТ....

2021 жылғы 12 қазанда Петропавл қалалық соты ҚР ҚК 190-бабы 3-бөлігі 2-тармағы бойынша алаяқтық фактісі үшін Солтүстік Қазақстан облысы Полиция департаментінің патрульдік полиция батальонының қызметкерлеріне қатысты қылмыстық іс бойынша түпкілікті шешім шығарды. Сот ағымдағы жылдың 21 сәуірінде сотталушылар патрульдік полиция батальоны қызметінің инспекторы бола отырып, аз. Х-ға, оның жол қозғалысы ережелерін бұзғаны туралы жалған ақпарат беріп, алдау жолымен 150 000 теңге көлемінде ақша қаражатын жымқырды. Нәтижесінде сот сотталушыларға қатысты ұрланған мүліктің 10 еселенген мөлшерінде айыппұл түрінде жаза тағайындады, сондай-ақ олар өмір бойы тиісті органдарда қызмет атқару құқығынан айырылды.

Бұл іс-шараны Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің бастамасымен заң бұзушылыққа жол берген тұлғалардың әріптестері онлайн режимде бақылады.

СҚО бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі.

ҚАРЖЫ АЛАЯҚТАРЫНАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУҒА БОЛАДЫ?

Өзіңізді және телефоныңызда сақталған құпия ақпаратты қалай қорғауға болады. Алаяқтар қандай деректерді алғысы келеді. Сіздің картаңыздың немесе шотыңыздың нөмірін және сіздің атыңызды, тегіңізді, ЖСН білу, алаяқтардың шоттан ақша алуына жеткілікті. Бұл үшін оларға картаның толық деректемелері қажет: жарамдылық мерзімі және қауіпсіздік коды, мысалы, VISA карталарына арналған CVV коды немесе MasterCard карталары үшін CVC-код. Сондай-ақ олар сіздің телефоныңызға SMS, логин, онлайн-банкінгтен пароль, мобильді банктік қосымшадағы жеке кабинеттер түрінде келіп түсетін банктің кодтары мен хабарламаларын білуі қажет.

Гаджетіңізді кибершабуылдардан қалай қорғау керек

Әрине, ешкім де маңызды қаржылық ақпаратты алаяқтарға өз еркімен бергісі келмейді. Онда қаскөйлер түрлі бағдарламалық қамтылымдарды (БҚ) пайдаланады. Мысалы, трояндарды іске қосады, трояндар - рұқсат берілген БҚ түрінде бүркеленген зиянкес бағдарлама. Олар пайдаланушылардың жүйелеріне рұқсатсыз қол жеткізуге көмектеседі және қажетті қаражатты ұрлайды. Көп жағдайда трояндар мобильді қосымшалар мен мессенджерлерге шабуыл жасайды, себебі адамдар үнемі өз телефонын банктік қосымшалар орнатылған, парольдер мен басқа да маңызды ақпараттар сақталатын сенімді құрылғы ретінде қолданады. Сонда-ақ, шабуылдар кезінде электрондық хаттар, SMS немесе MMS қолданылады.

Сіздің поштаңызға келетін сілтемелерге назар аударыңыз, егер де домен күдік туғызатын болса, сілтемені ашпаңыз, бұл жерде бұзып кіру қаупі бар. Спамдарды бұғаттаңыз және оны корзинаға жөнелтіңіз. Операциялық жүйені жаңартып отырыңыз және барлық қосымшаларға, пошта жәшіктеріне, әлеуметтік желілердегі аккаунттарға сенімді және әртүрлі құпия сөздерді орнатыңыз. Қосымшалардың және басқа да маңызды сервистердің парольдерін/кіру кодтарын телефонда сақтамаңыз. Құрылғының жадында электрондық цифрлық қолтаңбаның (ЭЦҚ) кілтін сақтамаңыз. Құрылғылардың жадында банк карталарының фотосуреттерін, сондай-ақ парольдің жазылуы мен дербес/құпия деректердің ұрлануына әкелуі мүмкін басқа да ақпаратты бейнелейтін фотосуреттерді сақтамаңыз және мессенджерлерде жібермеңіз.

Тексерілген ақпарат көздеріне ғана сеніңіз ...

Айфон иелері қосымшаларды AppStore-ден ғана, ал Android базасындағы телефондар – Google Play-ден алуға қажет. Қосымшаны жүктеме бұрын пайдаланушылардың түсіндірмелерімен мұқият танысыңыз және әзірлеушілердің қосымшаны кезеңмен жаңартып отыруына (ресми дүкендерде міндетті тәртіппен соңғы жаңартулардың күні көрсетілген) көз жеткізіңіз. Уақыт өткен сайын орнатылған қосымшалардың тізімін тексеріңіз. Керек емесін, егер оларды жиі пайдаланбасаңыз, әсіресе, егер олар ресми дереккөздеріне болмаса және соңғы рет қашан жаңартылған белгісіз болса алып тастаңыз. Сіз құрылғыңызды бұзу әрекетіне осылайша жол бермейсіз. Банк картасын қосымшалардың ақылы сервистеріне байланыстырмаңыз. Сіз зиянды бағдарламалар ғана қауіп төндірмейтіндігін түсінуге тиіссіз. Алаяқтар сіздің ақшаңызды алу және гаджетіңізді басқару үшін қашықтан қолжетімділіктің жария бағдарламаларын жиі пайдаланады. Осы бағдарламалардың көмегімен қылмыскерлер мыналарды: банктен келетін пароль мен кодтары бар SMS-ты оқи алады, сіздің мобильдік банктік қосымшаға кіре алады, сіздің атыңыздан ақша аударды немесе кредит алады. Мұның бәрі, егер сіз өзіңіздің мобильді телефонға «шпиондық» қосымшаны көшіріп алған болсаңыз іске асады. Сондықтан сізден түрлі себептер бойынша қандай да бір бағдарламаны немесе қосымшаны көшіріп алуды сұрайтын адамдарға сенудің қажеті жоқ. Мысалы, сізге телефонға банктік немесе өзге де қаржы ұйымдарының қызметкерлері болып қоңырау шалады және сіздің шотыңызға алаяқтық шабуылдарға байланысты қосымшаны көшіріп алуды сұрайды.

Қосымшаларыңызға бірдей парольдер қоймаңыз

Пароль қою кезінде ол кемінде сегіз таңбадан тұруы керек екенін ұмытпаңыз: цифрлар, бас әріптер және басқа да белгілер. Танымал сөздерді, туған-туыстар мен достардың туған күнін, аты-жөндерін пайдалану ұсынылмайды. Әрбір аккаунтқа немесе қосымшаға әртүрлі парольдер қоюға ерінбеңіз. Телефон сізге парольді автоматты түрде сақтауды ұсына ма? Бас тартыңыз. Әр уақытта парольді қайта енгізуге тырысыңыз. Екі факторлы бірдейлендіруді теңшеңіз, содан кейін жүйе SMS-хабарлама немесе электрондық мекенжайға хабарлама түрінде дереу келетін кодты растауды сұрайды.

Ұялы телефоныңызды жоғалтқан жағдайда не істеу қажет?

Бұғаттауды пайдаланыңыз. Телефонның теңшеулерінде экранның автоматты бұғатталуын қосыңыз, саусақ ізінің немесе Face ID көмегі арқылы биометрикалық құпиясөзді қолданыңыз.

Резервтік көшірмелер жасаңыз.

Міндетті түрде деректеріңіздің резервтік көшірмелерін жасаңыз. Бұл опция теңшеу конфигурациясына, барлық қосымшаларды және жеке ақпаратты сақтау үшін ойлап табылған. Берілген функция жоғалған құрылғыдан деректерді қалпына келтіруге және оларды жаңа құрылғыға көшіруге көмектеседі.

Егер сіздің телефоныңыз ұрланған болса, қандай әрекеттер жасау керек? Сіздің банктік картаңызға тікелей байланысты нөмірі бар телефон жоғалған жағдайда, сізге қызмет көрсететін банкке шұғыл түрде хабарласуға кеңес береміз. Барлық карталарды бұғаттауды сұраңыз. Оларды кейін қайта шығаруға тура келеді. Басқа құрылғылардан пошта жәшіктеріне, әлеуметтік желілердегі аккаунттарға құпия сөздерді шұғыл түрде өзгертіңіз. Егер сіз телефоныңыз ұрланғанына сенімді болсаңыз, ұрлық туралы құқық қорғау органдарына өтініш жазуды ұсынамыз, тіркелген көшірмені өзіңізде сақтаңыз. Сіздің шотыңыз бойынша операциялар соңғы рет қашан жасалғанын банктен нақтылаңыз. Егер алаяқтар сіздің картаңыздан қаражат алып үлгерсе, онда банкке өтініш жазып, ішкі тергеу жүргізуді сұраңыз. Сіз барлық сақтық шараларын сақтадыңыз деп талап етіңіз. Осы өтінішке телефонды ұрлау туралы өтініштің көшірмесін қоса беріңіз.

Кредиттік тарихыңызды міндетті түрде кредиттік бюродан сұраңыз, Қазақстанда олар екеу: Мемлекеттік кредиттік бюро және Бірінші кредиттік бюро, сондай-ақ портал арқылы egov.kz немесе тұрғылықты жері бойынша ХҚКО. Мұны жасау қажет, өйткені қаскөнемдер сіздің атыңызға кредит алуға тырысуы мүмкін. Fingramota.kz бұл жағдайда не істеу керектігі туралы жазған. Мұндай жағдайларды болдырмауға тырысыңыз, ең жақсы шара – алдын-алу шарасы, телефонды, құпия деректеріңізді сақтаңыз.

ҚР қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.

ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАМЫЗ!

ТОО «СК-Вагулинское» примет на работу механизаторов, животноводов. Семейным предоставляется жилье. Оплата согласно договора.

Телефон для справок 8-715-38-53-035.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Қиын да маңызды міндеттерді жүзеге асыра алатын да ұлағатты ұстаз. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», - деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз еңбегі қиын да жауапты. Ұстаз – рухы таза, ой-өрісі биік, шыдамдылық пен табандылықтың үлгісін көрсетуші. Осындай ұлағатты ұстаздарымыздың бірі - Тайынша қаласындағы №5 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі-

Агзамова Қазира Атенойқызы.

Білім беру саласында да шығармашылық еңбектері жоғары бағаланып, бірнеше марапаттарға ие болды. Біздің бүгінгі кейіпкеріміздің қазанның 13 жұлдызы туған күні. Ұлағатты ұстаз! Туған күніңізбен! Қанша ма шәкіртке сапалы білім, саналы тәрбие беріп, зейнет жасына жеттіңіз.



Денсаулығыңыз мықты болып, отбасында немере-шөберенің қызығына бөлене беріңіз!

№5 орта мектебінің ұстаздар ұжымы.

АЛҒЫС АЙТАМЫЗ!

Елдегі тыныштық пен тұрақтылықты сақтау мақсатында қазақстандық полиция қызметі бұл күндері Тәуелсіздігіміздің қастерлі міндеттеріне көлеңке түсірмей, ел тыныштығын сақтауға өз үлестерін қосып келеді. Олардың қатарында Чкалов ауылдық полиция қызметкерлері де бар екендігін мақтанышпен айта аламыз. Отанымыздың, ел аумағының бүтіндігін сақтауды, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз етуді, кез-келген сыртқы және ішкі күштерге қарсы тұруды мақсат еткен полиция қызметінің ел өміріндегі алар орны орасан зор. Әрдайым ауыл халқының тыныштығын қырағы күзетіп, оны қорғауға және қылмыстардың белең алуына тойтарыс берудегі кәсібиліктері, қызмет барысындағы жоғары іскерліктері, халық арасында заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз етудегі еңбектері қандай құрметке болса да лайық. Тайынша аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері және Чкалов селолық округі ішкі істер бөлімінің басшысы Досмұқанов Аслан Уразбекұлы біздің бауырымыздағы немерелерімізге және осы округ төңірегіндегі мектеп оқушыларына бірнеше жыл бойы «Мектепке жол» акциясы аясында көмек көрсетуде. Өз ісімен қарапайымдылықтың, жастарға көрсеткен үлгісі зор деп бағалаймыз! Біз сіздерге барлық ата-аналар мен ұстаздар атынан алғыс білдіргіміз келеді.

Бақытқұл САТЫБАЛДИНА, зейнеткер, көп балалы ана.

ҚҰРМЕТТІ ТАЙЫНШАЛЫҚТАР!

Сіздерді 2021 жылғы 16 қазан күні сағат 09:00-де жыл сайынғы дәстүр бойынша өтетін жәрмеңкеге шақырамыз. Ауыл шаруашылығы тауарларының жәрмеңкесі Тайынша Агробизнес колледжі мен метеостанция ғимараты арасындағы аумақта өтеді. Дәстүрлі шараға ауданымыздың ауыл шаруашылық тауар өндірушілері қатысады. Қала тұрғындары маска тағып, жәрмеңке барысында әлеуметтік қашықтықты сақтап, барлық санитарлық талаптарды сақтағаны абзал.

УВАЖАЕМЫЕ ТАЙЫНШИНЦЫ!

16 октября 2021 года в 09:00 часов в городе Тайынша (между Тайыншинским колледжом агробизнеса и метеостанцией) состоится ежегодная сельскохозяйственная ярмарка. Приглашаем жителей района посетить ярмарку. Посетителям ярмарки НЕОБХОДИМО соблюдать санитарные требования: масочный режим и социальную дистанцию.

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады. Индекс: 65710. Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор - Бас редактор Гүл НУРАЛИНА

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде 2005 жылғы 14 желтоқсанда тіркеліп №6652-Г куәлігі берілген. Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй. Тапсырыс 332. Таралымы 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 137-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715 36) 2-36-96. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың, келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.